

ҚТЖ РЕАЛИЗУЕТ РЯД МЕРОПРИЯТИЙ, НАПРАВЛЕННЫХ НА ПОВЫШЕНИЕ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТРАНЫ. РАЗВИВАЮТСЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ГРУЗОПЕРЕВОЗКИ И УВЕЛИЧИВАЕТСЯ ОБЪЕМ ГРУЗОВ ПО ОСНОВНЫМ ТРАНЗИТНЫМ ТРАНСПОРТНЫМ КОРИДОРАМ, ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ЗАПУСКАЮТСЯ НОВЫЕ МЕЖДУНАРОДНЫЕ МАРШРУТЫ. ВСЕ УСИЛИЯ ПРИЛАГАЮТСЯ ДЛЯ СОКРАЩЕНИЯ СРОКОВ ДОСТАВКИ И СОЗДАНИЯ ВЫГОДНЫХ ТАРИФНЫХ УСЛОВИЙ. В ДЕКАБРЕ БУДУТ ЗАПУЩЕНЫ РЕГУЛЯРНЫЕ ШАТТЛ-ПОЕЗДА ПО РАСПИСАНИЮ СО СТАНЦИИ АЛТЫНКОЛЬ. ЭТО УСКОРИТ ДОСТАВКУ ИЗ КИТАЯ В ПОРТЫ ГРУЗИИ ДО 20 ДНЕЙ.

Ерлан КОЙШИБАЕВ,
управляющий директор по логистике АО «НК «ҚТЖ»



№92 (2807)
25/11/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

МЕСТО РОЖДЕНИЯ ИННОВАЦИЙ

На базе Института автоматизации и информационных технологий имени К. Сатпаева прошло открытие производства радиостанций и Центра компетенции по развитию систем связи 5G.



Дана ЕРМУХАН,
Алматы

В ходе торжественного открытия проректор по науке и международному сотрудничеству Алибек Шокпаров отметил, что Satbayev University ведет подготовку инженерных кадров с 1934 года, а в последние годы активно реализует различные проекты в сфере телекоммуникации.

– Идею открытия совместного Центра компетенций целой отрасли мы обсуждали не первый год. Благодаря поддержке наших крупных партнеров в лице ҚТЖ и компании RTEL Group, осуществляющей сервис национальным операторам, сегодня мы реализовали этот проект. Уверен, что наши студенты внесут свой значительный вклад в развитие телекоммуникационных технологий, – сказал Алибек Шокпаров.

Главный инженер АО «НК «ҚТЖ» – директор департамента технической политики Батыр Котырев в свою очередь подчеркнул, что открытый Центр компетенций является практическим воплощением Послания Президента РК Касым-Жомарта Токаева, в котором он призвал ускоренно развивать взаимодействие науки и производства. Отмечая значимость данного проекта для железнодорожной отрасли, он пожелал удачи новой лаборатории.

– Satbayev University теперь стал не просто колыбелью инженеров Казахстана, но и современным



Центром компетенции по развитию систем связи 5G – самой современной связи нового поколения. Это мечта каждого связиста, – отметил главный инженер ҚТЖ.

В рамках открытия гостям продемонстрировали производство радиостанций и прочих микропроцессорных устройств. Здесь расположены паяльная станция, блок питания, где происходит сборка модемов стандарта TETRA. Такой модем обладает высокими техническими и эксплуатационными характеристиками и предназначен для эффективного построения систем безопасности и управления любого уровня сложности. Он может быть интегрирован в мониторинговый комплекс, который устанавливается на специализированных транспортных средствах для защищенной передачи данных.

Также участниками мероприятия познакомили со студенческим конструкторским бюро RTEL Engineering. – Главное назначение этого центра – привлечение студентов к практико-ориентированным дисципли-

нам. Благодаря сотрудничеству с компанией RTEL Group студенты нашего института смогут своими руками создавать различные рации, коммуникационные элементы, платформы и участвовать в инновационных процессах. Проекты студентов будут предлагаться различным предприятиям. Первым крупным заказчиком на сегодняшний день является ҚТЖ. На данный момент отобраны шесть студентов, которые в будущем презентуют свои работы, а также будут участвовать в отборе для стажировки в компании, – сказал заведующий кафедрой «Электроника, телекоммуникации и космические технологии» Ерлан Таштай.

Шоурум Центра компетенции по развитию систем связи 5G презентовал для гостей заместитель директора представительства Hytera Communications в Казахстане Самат Мамиев. Он подробнее остановился на системах оповещения Smart tools – системе управления радиосвязи TETRA и системе оповещения о состоянии железнодорожных поездов, а также рассказал о ло-

комотивном бортовом терминале Cybe-BPG 2.0.

В свою очередь генеральный директор ТОО RTEL Group Еркем Бекенов выразил уверенность, что в этом центре удастся сделать полноценную интеграцию науки, исследовательской работы и бизнеса и взрастить новое поколение будущих специалистов в сфере железнодорожного транспорта.

Отметим, что компания RTEL Group имеет опыт внедрения аналогичных телекоммуникационных технологий в гражданской сфере, а также силовых структурах. Сотрудничество компании с АО «НК «ҚТЖ» в части предоставления связи мобильными объектами позволяет внедрить на сети железных дорог комплексное решение для передачи данных между инфраструктурой, подвижными объектами и персоналом по современным высокоскоростным цифровым каналам. АО «НК «ҚТЖ» продолжает активную работу по модернизации собственной системы беспроводной связи, а также передачи данных по цифровым каналам и развития интернет-решений.

Фото автора

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ АРТТЫ



Қазіргі таңда магистральдық желінің жағдайы пойыздардың белгіленген қозғалыс жылдамдығымен бірге олардың қауіпсіз жүріп тұруын қамтамасыз етіп отыр.

Жол және жасанды құрылыс департаменті мамандарының айтуынша, жазғы жол жұмыстарының жыл сайынғы көлемі өндірістік қуаттылыққа, басымдыққа ие учаскелердің жағдайына және Компанияның қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты айқындалады екен. Алдағы 2023 жылы 567 км жол күрделі жөндеу көрмек.

– Үстіміздегі жылы жазғы жол жұмыстары шеңберінде 943 км жол жөндеу түрлерінен өтті. Соның ішінде 551 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы ПЧМ Ағадыр мекемесі 51 шақырым жолды шаруашылық тәсілмен жөндеді. Сонымен қатар 75 шақырымда ескі шпалдар жаппай су жаңа темірбетонды негізге көшіріліп, бекітілелері ауыстырылды. 164 шақырымда жаңа түйіспесіз жолдар төселді. Сондай-ақ, 90 км жолға күшейтілген орта жөндеу жүргізіліп, нәтижесінде жол жаңа келбетке ие болды, – дейді Жол және құрылыстар департаменті директорының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары Нұрсұлтан Танабаев.

Жолды күрделі жөндеуден өткізу нәтижесінде 911,7 шақырымда жолаушылар, ал 308,8 шақырымда жүк пойыздарының, 904,1 км жол бойында контейнерлік пойыздардың қозғалыс жылдамдығы артқан. Ал бұл өз кезегінде теміржол учаскелерінің өткізу қабілетін ұлғайтуға мүмкіндік беріп отыр.

Ислам ТАЛҒАТ

РЕМОНТ С ОПЕРЕЖЕНИЕМ ГРАФИКА



В АО «Қазтеміртранс» постоянно трудятся над тем, чтобы сделать организацию перевозок проще и надежнее. Большое внимание в компании уделяют содержанию вагонного парка в надежном состоянии. С начала текущего года по состоянию на 20 ноября деповской ремонт произведен на 7 012 грузовых вагонов собственности АО «ҚТТ».

Планы потребности (программы ремонта) в периодических ремонтах на каждый год устанавливаются с учетом состояния вагонного парка. Техническое состояние вагонного парка, находящегося в эксплуатации, определяется надежностью, качеством плановых видов ремонта и другими характеристиками. Разработана программа ремонта грузовых вагонов АО «Қазтеміртранс». Сокращено время нахождения в нерабочем парке по причине текущего отцепочного ремонта на территории Казахстана с 40 до 18 суток, деповского ремонта – с 30 до 12 суток.

Как подчеркивают в компании, ҚТТ сейчас оказывает услуги по оперированию вагонами и работе с клиентами, грузоотправителями, грузовладельцами, экспедиторами и так далее. С 2020 года ремонт грузовых вагонов собственности АО «Қазтеміртранс» производится по договору о долгосрочных закупках работ по сервисному обслуживанию грузовых вагонов, заключенному с Временным объединением юридических лиц (ТОО «ТемірТрансСервис» и ТОО «Astana Railway Services») в лице ТОО «ТемірТрансСервис».

Суть сервисного обслуживания заключается в том, что ҚТТ платит за техническое содержание вагонов в виде суточной ставки только за рабочий день рабочего вагона. Таким образом, сервисная компания заинтересована в оперативном ремонте и качестве, чтобы обеспечить непрерывную «боевую готовность» вагонов заказчика. Данный подход исключил необходимость ҚТТ проводить закуп, хранение и логистику запчастей.

– По состоянию на 20 ноября 2022 года капитальный ремонт грузовых вагонов выполнен на 104%, при плане 552 отремонтировано 575 вагонов. Всего на 2022 год запланировано капитально отремонтировать 641 вагон. Работу по остальным 66 ожидается завершить до конца ноября текущего года. Также на сегодняшний день ожидается экономия средств, которые планируется направить на капитальный ремонт дополнительных вагонов, – сказал главный инженер АО «Қазтеміртранс» Нурлан Жусупов.

Асель ШАЙХЫНОВА

Стратегия

КАДР САЯСАТЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да New Ver кадрлық саясаты бастамаларын әзірлеу бойынша HR стратегиялық сессиясы өткізілді. Ұлттық компанияның топ-менеджерлері қатысқан іс-шара «HR қалай бизнес-әріптестік арқылы өзгерістер драйверіне айналады?» деп аталды.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Сессияны өткізуге HR саласында тәжірибесі мол сарапшы модератор Лариса Чистоедова шақырылды. Ол жиырма жылдан бері тренингтер/стратегиялық сессия өткізуге айналысып келеді. Айналыс сессияға компанияның аппарат басшысы Серік Кеулімжаев, бас инженер Батыр Котырев және басқа да департамент директорлары мен еншілес ұйымдар директорларының орынбасарлары қатысты. Қатысушылар негізгі HR басымдықтары, IR және ESG қағидаттары және EVP элементтері туралы талқылады.

– Бүгінгі таңда біздің компанияның алдында бірқатар стратегиялық міндеттер тұрғаны мәлім. Соның ішінде қызмет тиімділігін, еңбек өнімділігін және жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, IR және ESG қағидаттарын енгізуге бағытталған міндеттер бар. Осыған орай

біз бүгін кадр саясатының басымдықтағы HR бағыттарын бірлесіп әзірлеу үшін негізгі әріптестеріміз бен стейкхолдерлерімізді шақырып отырмыз, – деді Серік Кеулімжаев.

Сессия барысында сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адам ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева компанияның 2019-2029 жылдарға арналған стратегиялық мақсаттарына тоқталды.

– Стратегиялық мақсаттарымызға компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару, қаржылық тұрақтылықты, жалпы тұрақты дамуды қамтамасыз ету, компания қызметінің тиімділігі мен клиенттер қанағаттанушылығын арттыру, пойыздар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру жатады. Сонымен қатар негізгі HR бастамаларға келсек, компаниямыздың 2019-2029 жылдарға арналған кадр саясатына сәйкес, корпоративтік мәдениетті,



көшбасшылықты, HR құзыреттілікті дамыту көзделіп отыр, – деді ол.

Ал 2023-2029 жылдарға арналған кадр саясаты бойынша, HR бизнес әріптестікті дамыту, ESG, яғни инклюзивтілік, дискриминацияға жол бермеу, гендерлік саясат мәселелері, HR процестерді оңайландыру, таланттарды анықтау мәселелері қамтылған.

Сәуле Истлеева бұл бағыттағы жұмыстар туралы да баяндады. Оның

айтуынша, өткен кадр саясаты HR құзыреттілігін дамытуға, корпоративтік мәдениетті диагностикалауға бағытталған болса, жаңа кадр саясаты IR және ESG қағидаттарын енгізуді қамтамасыз ететін құзыреттілік пен процестер арқылы жұмысшылардың әлеуметтік әл-ауқатын, қызмет тиімділігін арттыруды бірінші орынға шығарып отыр.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

БІЗДІҢ ОБЛЫС ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ. АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ ҚҰРАМЫНА АҚТАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫҚ ПОРТТАРЫ ҚОСЫЛДЫ. БҮЛ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЕЛДІҢ КӨЛКІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА МҮМКІНДІКТЕРІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАҢУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ ҮШІН ЖАСАЛЫП ОТЫР. БҮЛ ЖҮК АЙНАЛЫМЫН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ЖАҢА ЖҮМЫС ОРЫНДАРЫН ҚҰРУҒА БЫҚПАЛ ЕТЕДІ. САЛЫҚ БАЗАСЫ КЕҢЕЙІП, БАСҚА ДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕДІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ
150 тысяч
ЧЕЛОВЕК ПЕРЕДАЛИ
ПОЧТОВУЮ КОРРЕСПОНДЕНЦИЮ,
ВОСПОЛЬЗОВАВШИСЬ УСЛУГОЙ
«БРИГАДИРСКИЙ КОНВЕРТ» ОТ
АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ»

С НАЧАЛА ГОДА ДЛЯ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ
НАЕЗДОВ НА ЛЮДЕЙ МАШИНИСТЫ
ПОЕЗДОВ ПРИМЕНИЛИ ОКОЛО
150
ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ

БЛАГОДАРЯ ПРОФСОЮЗУ
КОСТАНАЙСКИЕ ПЕНСИОНЕРЫ-
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ПОЛУЧИЛИ
33 тонны
УГЛЯ

ЕҢБЕКТЕРІ ЕЛЕНДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



МЕРЕЙ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің «Батыс» филиалында бір топ теміржолшыға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 25 жылдығына арналған мерекелік медалі, мінсіз адал қызметі үшін «Үздік маман», «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгілері тағылып, алғыс хаттар табысталды.



– Биылғы 10 айдағы жұмыс көрсеткішіміз жаман болған жоқ. Жүк тиеу жұмыстары жүз пайыздық көрсеткішті маңайлады. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Атырау, Орал өңірлеріне жол салу жұмыстарына құрылыс материалдарын жеткізу жүріп жатыр. Қазір қыс мезгіліне қарамастан қиыршық тас тасу жұмыстары тоқтаған жоқ, – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев.

Марапаттау шарасына сала ардагерлері, станциялар мен локомотив қызметкерлері қатысты. Кез келген игі істің жұмыдағы ауызбіршілікті арттыра түсетінін айтқан ардагерлер еңбегі еленген әріптестерін құттықтап, жұмыста жеміс тіледі.

42 жылдық еңбек өтілі бар теміржолшы Төлеген Өтембаев «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгісімен марапатталды. Теміржолшылар отбасынан шыққан тәжірибелі қызметкер еңбек жолын вагон қаратушы болып бастап, кейін станция кезекшісі қызметіне ауысқан. Осы қызметті мүлтіксіз атқарып келе жатқанына 32 жыл болыпты.

«Әкем де, бауырларым да теміржолшы. Теміржол бойында өскен соң басқа мамандық туралы ойламадық. Әке жолын қудық. Өкініш жоқ. Бұл – үлкен сала. Жауапкершілік жүгін арқалаған теміржолшылар мерейі өсе берсін», – дейді Темір станциясының кезекшісі Төлеген Өтембаев.

Жиын соңында марапат алған теміржолшылар филиал басшысымен және ардагерлермен бірге естелік суретке түсті.

Суретті түсірген автор

БЕЙНЕТІРКЕГІШТЕР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ҚАУІПСІЗДІК

Келер жылы Маңғыстауда локомотивтерге бейнетіркегіш құрылғысы орнатылады деп күтілуде. Бұл туралы жуырда Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімінде өткен дөңгелек үстелде айтылды.

Осы арада, бейнетіркегіштер не үшін қажет дейтін болсақ, оның қозғалыс қауіпсіздігін сақтаумен қатар тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету, шұғыл тежегіштерді, құрамдардың кестеге сай емес тұрақтарын, сондай-ақ жазатайым оқиғаларды тіркеу мақсатында аса қажеттілігі жиында мәселе болып көтерілді.

Аталған басқосу ҚР Ішкі істер министрі мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі бірлесе бекіткен «ҚР теміржолында қауіпсіздік деңгейін және мүлктің сақталуын арттыру бойынша 2022-2024 жылдарға арналған Жол картасы» аясында өтті. Оған Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің, Маңғыстау қосалқы бөлімінің, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің, Маңғыстау локомотив пайдалану депосының, Маңғыстау жол дистанциясының өкілдері қатысып, «Жол картасының» тармақтарын орындау бойынша өзара іс-қимылдар ұйымдастыру жөнінде кеңесті.

Теміржолдағы қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында адамдар мен жануарлардың теміржол үстіне шығуын болдырмау үшін темір жол бойындағы орнатылған қоршауларды жөндеу және жаңаларын орнату жөнінде жоспарлар пысықталды. Сонымен қатар көлік объектілерінде – станциялар мен бекеттерде, жолаушылар пойыздарының вагондары және мейрамхана вагондарында, локомотивтерде бейнебақылау құрылғысын орнату бойынша жұмыстар міндеттелді.

Жедел кеңесті ашып, жиынға төрағалық еткен Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Р.Шманов, биылғы он айда 68 жедел тежеу фактісі болғанын, оның ішінде малды басып кету жағдайы 62 екенін алға тартты. Мал иесін анықтау жұмыстары барысында соның 37-сі анықталған. 2021 жылы 112 фактіден 67-сі ашылып, жауапкершілікке тартылған.

Ал Маңғыстау локомотив депосының бас инженері М.Құдабаев 2ТЭ10МК және ТЭМ сериялық локомотивтеріне бейнетіркегіштер орнату жоспарда жоқ екенін атап өтті. Оның айтуынша, келер жылы 37 бірлік 2ТЭ10МК және 15 бірлік ТЭМ локомотивтерінің қызмет ету мерзімі аяқталмақ. Тек 2023 жылы жаңа сериялық ТЭП33А, ТЭ33А, СК-ДЕКЗ және КЗ4 локомотивтерге бейнетіркегіштер орнату жоспарланған. «Жалпы бейнетіркегіштердің қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде септігі мол», – деді ол.

ТХКБ – ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ДӘЛІЗІ

Қытайдан Еуропаға Қазақстан, Әзербайжан және Грузия аумағы арқылы өтетін Транскаспий халықаралық көлік бағдары (ТХКБ) немесе логистер тіліндегі Middle Corridor жүк тасымалдау үшін тиімді сауда дәлізі болуы мүмкін. Әсіресе әлемдік деңгейде болып жатқан саяси-экономикалық шиеленісті жағдайлар тасымалға деген сұраныстың күрт өсуіне әкелді. Ал бұл өз кезегінде аталған бағдардың дамуына қосымша серпін берген болатын. Жобаға қатысушы 8 ел және 20 ірі компания бұл мүмкіндікті уыстарынан шығарып алмақ емес. Олар ағымдағы жылдың соңына дейін ТХКБ-ның өткізу қабілетін кемінде екі есе арттыруды алдарына мақсат етіп қойып отыр.

Сұлуғүл БАКЕСОВА,
Астана

БАҒДАРҒА ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

– Қазіргі әлемдік жағдайда Қазақстанда жұмыс істеп тұрған үш негізгі экспорттық бағыт бар. Біріншісі Қытай арқылы Ляньюньган портына және басқа порттарға экспорттау бағдары болса, екіншісі – Түркіменстан мен Иран арқылы Парсы шығанағына шығу жолы, үшіншісі – ағымдық геосаяси жағдайында ТХКБ. Және де бұл соңғысы қазіргі уақытта ең негізгі бағдар болып отыр. Осы ретте 2014 жылы Middle Corridor құру бастамасын көтерген Қазақстан билігіне, сондай-ақ осы жобаны қолдаған және оны дамытуға инвестиция салған елдерге бүгін үлкен алғыс білдірген жөн болар, – дейді «ТХКБ» қауымдастығының бас хатшысы Гайдар Әбдікерімов.

Оның айтуынша, Ресей мен Украина арасындағы соғысқа қатысты жаһандық саясат Еуразия құрлығындағы жүк тасымалы мен логистикалық жағдайға да елеулі өзгерістер әкелген. Дәстүрлі маршруттар өзектілігін жоғалта бастаған. Қақтығыстарға бейтараптылық танытқан елдердің жүк жөнелтушілерінің өздері жүк ағынын қайта бағыттап, өз жүктерінің діндеген жеріне шашау шықпай жетуі үшін балама түрлерін іздей бастаған. Міне, осындай жағдайлар ТХКБ бағытында жүктеменің күрт өсуіне әкеліпті. Жылдың басынан бері тасымал көлемі бірнеше есе өскен.

MIDDLE CORRIDOR-ДЫ ДАМУҒА МҮДДЕЛІЛІК

Бүгінгі таңда ТХКБ жүк ағындарын дамыту және тарту мақсатында магистральдық инфрақұрылым иелерін, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Украина, Румыния, Польша, сондай-ақ Қытайдың әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдаушыларды біріктіретін «ТХКБ» Халықаралық Қауымдастығы» ЗТБ жұмыс істеп жатыр. 2016 жылы құрылған Қауымдастықтың штаб-пәтері Қазақстанда орналасқан.

Ал ТХКБ жобасына қатысушы тараптардың күш біріктіруінің арқасында 2017 жылы ҚХР/КЗХ – Құрық/Ақтау – Баку/Алят – Батуми/Поти бағыты бойынша және одан әрі үшінші елдерге, сондай-ақ, Баку – Тбилиси-Карс жаңа желісі арқылы Қазақстаннан, ҚХР-дан, Орта Азия елдерінен Түркияға, Әзербайжанға, Грузияға, Украинаға, ЕО және басқа да елдерге немесе олардан экспорттық жүктері бар вагондар мен контейнерлерді тасымалдауға бекітілген кешенді ставкалар бойынша тұрақты мультимодальды көлік сервисі жолға қойылған.

ҚР ИИДМ-не қарасты Көлік саясаты және инфрақұрылым департаментінің бас сарапшысы Жайнар Әсілбекова ТХКБ-ны дамыту жөніндегі Жұмыс тобының отырыстарында бағдар жобасына қатысушы елдермен жыл сайын алдағы жылға қолайлы тарифтік ставкалар қарастырылып, бекітілетінін айтады. Және де қауымдастықтың барлық жүк тасымалдау операторлары оны орындауға міндеттеледі екен.

– 2017 жылдан бастап ТХКБ маршрутында, Қытайдан/Қазақстаннан/ОА елдерінен Түркияға, Румыния, Украина, Польшаға, сондай-ақ кері бағытта вагондық тасымалдауға 10 позиция бойынша, фидерлік кемемен контейнерлік тасымалдауға 23 бағыт бойынша, ал паромдық қатынаспен 11 бағыт бойынша тарифтер базалық деңгейден шамамен 60%-ға төмендеді. Соның нәтижесінде ТХКБ бағыты бойынша транзиттік контейнерлік тасымалдау көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Мәселен, 2018 жылы өткен жылға қарағанда 13 еседен астам өсіп, 3,9 мың контейнерді (2017 жыл – 0,3 мың ЖФЭ) құраса, 2019



ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ОН АЙДА АҚТАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫҚ ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫ АРҚЫЛЫ ШАМАМЕН 1,47 МЛН ТОННА ЖҮК ТАСЫМАЛДАНЫП, ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЕСЕПТІ МЕРЗІМІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 2,1 ЕСЕ ӨСКЕНІ БАЙҚАР ЕДІК. АЛ КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ ӨСІМІ 44% ҚҰРАҒАН.

жыл өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге өсіп, 7,4 мың контейнерді (2018 жыл – 3,9 мың ЖФЭ), 2020 жыл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсіп, 8,1 мың контейнерді (7,4 мың ЖФЭ) құрады. Ал 2021 жыл өткен жылмен салыстырғанда 81%-ке өсіп, 14,7 мың контейнерді (2020 ж. – 8,1 мың ЖФЭ) құрады, – дейді Көлік ведомствосының өкілі.

Бүгінгі таңда Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы өтетін Транскаспий халықаралық көлік бағдары қазақстандық экспортты және транзиттік жүктерді тасымалдау үшін негізгі балама бағыт болып табылады. Бағдардың ұзындығына келсек, Алтынкөл – Ақтау – Баку – Батуми/Поти бағдары 4 479 км, Алтынкөл – Ақтау – Баку – Карс – Стамбул – 6 180 км-ді құрап отыр. ТХКБ-ның жалпы өткізу қабілеті жылына 6 млн тоннаны, соның ішінде 80 мың ЖФЭ-ні құрайды.

АЙҚЫН МАҚСАТ НАҚТЫ ІСКЕ ҰЛАСУДА

– Жалпы техникалық іске асыру тұрғысынан ТХКБ – теңіз және теміржол көлігі өзара белсенді әрекеттесетін күрделі мультимодальды маршрут. Сондықтан инфрақұрылым мен қызметтерді дамытуға айтарлықтай инвестиция қажет болды. Бірақ бүгінде бұл шешім өзін толығымен ақтады. Middle Corridor – біздің елге ғана емес, өзгелерге де табыс табуға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын маршрут өз қуатының төрттен бір бөлігінде жұмыс істесе, биылғы жылдың бірінші тоқсанының өзінде жүктеме 95%-ды құрады. Қолданыстағы бірегей сервистерге келсек, бұл Каспий порттары – қазақстандық Құрық пен әзербайжандық Алятты байланыстырып отырған паром өткелі және Баку мен Ақтау порттары арасындағы фидерлік қатынас. Соңғы екі порт арасында екі фидерлік кеме жұмылдырылған. Биыл фидерлік кемелердің санын алтыға дейін арттыру жоспарда бар, ол үшін Каспий теңізінде жаңа порттар ашылууда, – дейді «ТХКБ» қауымдастығының бас хатшысы Гайдар Әбдікерімов.

Фидерлік байланыстың жаңа тармағы Ақтау теңізінің солтүстік терминалы мен Әзербайжандағы Говсан портын байланыстырады.



ТХКБ-ның дамуы үшін 2022 жылдың 18 сәуірінде Қара теңізде сыйымдылығы 400 ЖФЭ-ні құрайтын Поти – Констанца фидерлік қатынасы, яғни жаңа сервис іске қосылды. Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Ақтауда контейнерлерді жинақтау және сұрыптау бойынша қуаттылығы мықты үдемелі құрылыс жүргізуге мәлімдеме жасады. Оған 19 гектар жер бөлінді. Өз кезегінде Әзербайжан да өз аумағында маршруттың белсенді дамуына мүдделілік танытуда. Олар Армения арқылы Түркияға шығатын Әзербайжанның оңтүстігінен өтетін жаңа тармақ – Зангезур дәлізін салуға ниетті. Бұл дегеніміз, қарқынды құрылыс нәтижесінде, 3-5 жылдан кейін бұл бағыт ТХКБ-нің өткізу қабілеттілігін едәуір арттыра түспек. Сонымен қатар Middle Corridor бағытын дамытуға Грузияның Кулеви портының қуаты тартылмақ, ал оның мұнай тиеу қуаты жылына шамамен 10 миллион тоннаны құрайды.

Енді жыл басынан бергі он айдың көрсеткіштеріне көз жүгіртсек, онда Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы шамамен 1,47 млн тонна жүк тасымалданып, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 2,1 есе өскенін байқар едік. Ал контейнерлік тасымалдың өсімі 44% құраған. Бұл дегеніміз, 29338 ЖФЭ-ні, ал өткен жылы осы уақыт ішінде 19399 ЖФЭ-ні құрапты.

«ТАР» ЖЕРЛЕРДІ ЖООУ ЖОЛДАРЫ

Сонымен, жүк тасымалдау көлемінің күрт өсуімен көлік инфрақұрылымына да жүктеме де өсті. Ал бұл сервиске әсер етіп, Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарындағы «тар» жерлерді анықтауға ықпал етті. Осы ретте, бағдардың ең тар жерлері ретінде Әзербайжан және Грузия теңіз порттарындағы, темір жолдар мен тораптық станциялардағы инфрақұрылымдық шектеулерді, жылжымалы құрамның, яғни локомотив тартымының, фитингтік платформалар мен жабық вагондардың жетіспеушілігін атап едік.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 27 маусымында Бакуде Әзербайжан, Қазақстан, Түркия сыртқы істер министрлері мен көлік саласына жауапты министрлердің алғашқы ұшжақты отырысы өтіп, онда Баку декларациясына қол қойылды.

– Осы декларацияда Министрлер өз мемлекеттерінің транзиттік әлеуеті мен ТХКБ-ның транзиттік мүмкіндіктерін ілгерілету үшін өңірлік ынтымақтастықты ұйымдастыру шеңберінде жалпыға бірдей ұстанымдарды қалыптастыру үшін үйлестіруді күшейту қажеттілігін растады. Бұдан басқа, Орта дәлізді өңірлік және халықаралық көлік жүйесіне интеграциялаудың маңыздылығы атап өтілді. Өйткені ол маршруттың инфрақұрылымын нығайту жөніндегі жаңа жобаларды іске асыруға бағытталған ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін аса қажет. Осы мақсатта ТХКБ әлеуетін арттыру үшін 2022-2027 жылдарға арналған «тар» жерлерді синхронды жою және ТХКБ әлеуетін дамыту жөніндегі Жол картасы әзірленді, – дейді ҚР ИИДМ Көлік саясаты және инфрақұрылым департаментінің бас сарапшысы Жайнар Әсілбекова.

Атап өтерлігі, 2022 жылдың 25 қарашында Ақтау қаласында Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия Сыртқы істер және көлік министрлерінің кездесуі жоспарланған. Онда Жол картасына қол қою күтілуде. Бұл шаралар 2025 жылға қарай дәліздің өткізу қабілетін жылына 10 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

ВОЗМОЖНОСТЬ РОСТА НАЛИЦО



ПЕРЕВОЗКИ

Тенденцию к ускоренному росту грузооборота демонстрирует Алматинское отделение грузовых перевозок. Так, за 10 месяцев текущего года погрузка составила около 13 миллионов тонн, что на 15% превышает показатель аналогичного периода прошлого года.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Ежемесячно в отделении проводятся совещания с представителями крупных грузоотправителей и экспедиторских компаний по вопросу привлечения дополнительных объемов перевозок, в том числе для потребителей Казахстана, на экспорт, а также по выработке дальнейших совместных мер взаимодействия. Широко поставлена работа с грузоотправителями, экспедиторскими организациями, таможенными органами, пограничными и другими причастными службами по своевременному решению вопросов прохождения всех процедур при организации погрузки-выгрузки, соблюдения ими технологического времени простоя вагонов под грузовыми операциями.

По итогам работы за 10 месяцев текущего года по Алматинскому отделению ГП погрузка составила 12 922,4 тысячи тонн, выполнена на 103,5%. Основную долю погрузки составляют строительные грузы (рост к прошлому году на 49%), продовольственные грузы (+24%), химикаты (+43%), цветная руда (+17%), продукты перемола (+55%). Выгрузка грузов увеличилась на 5,4%. В среднем в сутки выгружается 950 вагонов. Объем грузоперевозок на границе Китая с Казахстаном вырос на 12%. Через железнодорожный переход Достык – Алашанькоу на экспорт отправлено 7,8 миллиона тонн, импорт – 3,6 миллиона тонн. Что



характерно, в октябре зафиксирован рекордный показатель экспортных перевозок – свыше 900 тысяч тонн. С начала года через переход Алтынколь – Хоргос

ПО ИТОГАМ РАБОТЫ ЗА 10 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПО АЛМАТИНСКОМУ ОТДЕЛЕНИЮ ГП ПОГРУЗКА СОСТАВИЛА 12 922,4 ТЫСЯЧИ ТОНН, ВЫПОЛНЕНА НА 103,5%.

передано в КНР свыше 2,1 тысячи поездов, или свыше 3,3 миллиона тонн груза. Через переход Достык – Алашанькоу

ежесуточно передается 14-15 поездов, через Алтынколь – Хоргос – 8.

В отделении усилен контроль над организацией беспрепятственного пропуска транзитного вагонопотока, по сокращению времени простоя локомотивов на промежуточных станциях, в основном и оборотном депо.

– Повышению эффективности перевозочного процесса также способствовало создание РЦУП-2 Алматы, где осуществляется круглосуточная координация поездопотоков, решаются задачи, связанные с организацией бесперебойной работы железнодорожного транспорта, – говорит Нурым Жаниязов.

Фото автор

НЕТ ПРОИЗВОДСТВЕННОМУ ТРАВМАТИЗМУ



ИТОГИ

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) и его подразделениях близится к завершению мероприятие по недопущению несчастных случаев, травматизма на производстве «2022 год – без смертельных случаев!». Оно проводится в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» с 1 января по 31 декабря 2022 года.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

По данным начальника сектора производственной безопасности и экологии ТЧЭ-22 Каната Макашева, в самом начале мероприятия руководство Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо издало соответствующий приказ. На всех рабочих местах и в подразделениях предприятия разместили аншлаги, разработали план, а в трудовых коллективах провели собрания.

– Мы постоянно проводим анализ условий труда на производственных участках с оценкой рисков, принимаем меры, чтобы избавиться от обнаруженных несоответствий с требованиями по безопасности и охране труда, – информировал Канат Мака-

шев. – На постоянной основе в ТЧЭ-22 проходит инструктирование работников о несчастных случаях, которые произошли в других организациях, обсуждаются вопросы профилактики и снижения производственного травматизма.

Еженедельно в ТЧЭ-22 и на линии проводят профилактическую работу в части укрепления производственной и технологической дисциплины, недопущения случаев ее нарушения. На технических занятиях, инструктажах работникам рассказывают о важности соблюдения правил по производственной безопасности и охране труда при выполнении техпроцессов, ношения спецодежды и спецобуви, использования СИЗ во время работ в зоне повышенной опасности.

С локомотивными бригадами проводят предсменные инструктажи о том, в каких случаях запрещено движение локомотивов при выполнении маневровых работ. В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо регулярно проходят проверки по выявлению рисков, влияющих на безопасность труда работников. Начальники отделов и командно-инструкторский состав знакомят работников с «молниями» и бюллетенями, с записью в журнале внепланового инструктажа.

– По ТЧЭ-22 и в подразделениях с начала мероприятия проходят комиссионные проверки, в ходе которых выявлены замечания, касающиеся содержания и использования служебных проходов, ограждения мест производства работ, необходимости приме-

нения исправных инструментов, правильного использования СИЗ, соблюдения регламента переговоров, требований нормативно-технической документации, нормативно-правовых актов в соответствии с требованиями интегрированной системы «Производственная безопасность», – отметил Канат Макашев.

Также с руководителями Оскеменской и Кумыстауской дистанций пути, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Семейской дистанции электрооборудования в ТЧЭ-22 рассматривают результаты работы по предупреждению наездов на людей. Итоги работы по вопросам производственной безопасности в рамках мероприятия «2022 год – без смертельных случаев!» подводят ежемесячно.

ЗДЕСЬ РАБОТАЮТ ПРОФЕССИОНАЛЫ



ЮБИЛЕЙ

В Тобольской дистанции сигнализации и связи Костанайского отделения магистральной сети отметили десятилетний юбилей, а также поведали о готовности к предстоящим холодам.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил начальник Тобольской дистанции сигнализации и связи Ахат Бакитжанов, участки данной дистанции расположены в зоне со сложными климатическими условиями. Здесь бывают сильные ураганные ветры до 30 метров в секунду, резкие перепады температур.

Сегодня Тобольская дистанция сигнализации и связи отвечает за безаварийность и безопасность движения в пяти направлениях на участках Тобол – Айтеке-Би, Тобол – Увальненская, Тобол – Притобольская, Тобол – Житикара, Тобол – Елимай. В дистанции работают 144 человека. Эксплуатационная длина составляет 561,341 километра, из них импультно-проводной автоблокировкой – 145,66, полуавтоматической блокировкой – 415,881. На границах дистанции находится 23 станции. Имеется 26 поездов.



В дистанции постоянно идет обновление устройств. К примеру, в 2015 году на участке Тобол – Баталы внедрено указание ГТСС по использованию дусторонней АБ (Шалкарский метод). В 2018 году была внедрена система АРМ ВТД с последующим переносом схем с бумажного носителя в программу АРМ ВТД. С 2020 года внедрена система учета и контроля АСУ-Ш. А уже в текущем году для контроля за участками поездными диспетчерами и созданием центра управления поездами в Астане

внедрена система диспетчерской централизации МП (микропроцессорной) автоматизированной системы диспетчерской централизации на участках Тобол – Арка, Тобол – Елимай, пункт 373-го километра – Житикара. Также на участке обслуживания постепенно идут обновления технических средств, замена и модернизация устаревшего оборудования. Несколько лет назад заменены старые типы реле НР (нейтральное реле) на НМШ (нейтральные малогабаритные штепсельные) на участке Тобол –

Елимай, внедрены современные комплексы «КТСМ-02».

Непрерывное развитие средств автоматики и телемеханики требует постоянного повышения уровня технических знаний специалистов. Для организации учебной и повышения квалификации работников в дистанции своими силами создан учебный класс с действующими макетами устройств электрической централизации и автоблокировки, учебно-тренировочный полигон. Бурно развивается в дистанции и рационализаторская деятельность. К примеру, в 2021 году внедрено шесть рационализаторских предложений.

Если же говорить о сегодняшнем десятилетнем юбилее, становление и развитие Тобольской дистанции сигнализации и связи тесно связано с Костанайской дистанцией сигнализации и связи. Строительство новой линии Алтынсарин – Хромтау в 2004 году способствовало появлению новых станций и разъездов. Увеличение технической оснащенности и участка обслуживания Костанайской дистанции сигнализации и связи способствовало созданию нового предприятия. Так, 7 ноября 2012 года была образована Тобольская дистанция сигнализации и связи.

Фото автора

НОВЫЕ РЕШЕНИЯ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



ПРОЕКТ

Казахстан предложил странам Центральной Азии и Европы сформировать «Цифровой транспортный коридор». Данное решение позволит обеспечить бесшовный обмен перевозочными документами и доступ к международным рынкам.

В Самарканде прошла конференция «Взаимосвязанность Европейского союза и Центральной Азии: Стратегия «Глобальные ворота».

Министр индустрии и инфраструктурного развития РК Каирбек Ускенбаев выступил на параллельной сессии с сообщением «Транспортная система Казахстана в новых геополитических реалиях», в котором отметил важную роль Среднего коридора и проводимой работы по развитию Южного коридора, обеспечивающие транзитные потоки между странами региона и Европы.

Также участники конференции были проинформированы о показателях перевозок Республики Казахстан и планируемых министерством проектах до 2025 года, в том числе о создании контейнерного хаба в порту Актау, строительстве вторых железнодорожных путей на участке Достык – Мойынты и обводной железнодорожной линии станции Алматы, расширении торгового флота, а также о намерениях увеличить объемы транзита грузов через Казахстан до 10 миллионов тонн в год.

В завершение Каирбек Ускенбаев предложил создать «зеленый коридор», предусматривающий сквозную тарифную ставку на перевозку грузов. Также сформировать «Цифровой транспортный коридор».

Данные предложения, по мнению министра индустрии и инфраструктурного развития РК, позволят установить стабильное и безопасное сообщение между странами Европейского союза и Центральной Азии.

ПРОВЕРКА НА МЕСТАХ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ОХРАНА ТРУДА

В ходе плановой проверки инспекции по безопасности труда и экологии Павлодарского отделения ГП выявлено 134 нарушения, основная доля приходится на охрану труда и электробезопасность.

Ревизоры особое внимание уделяли соблюдению требований НТД и НПА, инструкций по безопасности и охране труда, в том числе по ограждению производства работ, проведению маневровой работы, обеспечению работников специальной одеждой и обувью. Кроме того, соответствие требованиям безопасности и охраны труда маршрута безопасного прохода работников к рабочим местам. На момент проверки первичные средства пожаротушения на рабочих местах имелись, все они прошли проверку.

– Из 134 нарушений 56 замечаний приходится на охрану труда, 38 – электробезопасность, 25 – промышленную безопасность, экологию – 15 нарушений, – сообщила начальник отдела производственной безопасности и экологии отделения ГП Эльмира Караханова. – Основной характер замечаний по экологической безопасности – раздельная утилизация отходов и хранения. Будут приняты меры по их оперативному устранению.

Главная задача отдела производственной безопасности и экологии – повысить безопасность труда сотрудников стальной магистрали, достичь нулевого травматизма.

РАЗГОВОР О ГЛАВНОМ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Кокшетау



СЕМИНАР

Акмолинские железнодорожники обсудили изменения в трудовом законодательстве.

В Акмолинском отделении ГП прошел семинар по повышению квалификации для специалистов по нормированию труда, кадровых служб и председателей профсоюзных комитетов.

Свыше 40 сотрудников отделения, станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо узнали об изменениях в трудовом законодательстве. Обсуждены вопросы по социальной стабильности, разъяснены правила оплаты труда, положения Коллективного договора, подписанного работодателем и трудовым коллективом. – Встреча оказалась полезной для налаживания профессиональных связей и обмена опытом. К примеру, сегодня в профсоюзный комитет входят 14 цеховых комитетов, объединяющих 66 станций, три локомотивных и два вагонных депо. Все мероприятия в компании и ее дочерних организациях проводятся с участием профсоюза. Об этом свидетельствует наш Коллективный договор, который мы заключили с работодателем. Социальный пакет на железной дороге, по сравнению с другими предприятиями, является довольно весомым и направлен на улучшение условий труда, социальную стабильность каждого работника компании, – отметил председатель профсоюзного комитета филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Аман Турегожия.

ЖӘДІГЕРЛЕРМЕН ТАНЫСТЫ



Ақтөбедегі теміржолшылар мұражайы – өңірдегі келушісі көп мәдени орындардың бірі. Әсіресе, шағын тепловоздар макетін тамашалауға асыққан оқушылар көп.



Ақтөбе теміржолына қарасты мұражай Батыс Қазақстан темір жолының қалыптасуы мен дамуын көрсету мақсатында 1989 жылы ұйымдастырылған. Онда ғасырдан сыр шерткен құнды жәдігерлер, яғни 380-нен аса құжаттар мен экспонаттар бар. Төрт залдан тұратын мұражайдың бірінші залынан тәуелсіздікпен келген темір жолдың жаңа технологиялық даму жылдарын көруімізге болады. Ақтөбе рельс-арқалық зауыты, Шалқар – Тассай учаскесі және 2014 жылы салынған Алтынсарин – Хромтау теміржол желілерінің макеттері қойылған. Әрі қарай құжаттар залы, теміржол бөлшектері, тағысын тағы дүниелер. Тегін экскурсия жасауға мүмкіндік туғызған мұражай меңгерушісі Анар Жұбаева тарихи орталықтың ерекшеліктерімен таныстырудан жалыққан емес. Мұражайға бас сұққанымызда осындай экскурсиялардың бірінің куәсі болдық. Қазақ жеріне алғаш келген паровоз бөлшектері,

теміржол құрылысына, жөндеу жұмыстарына пайдаланылған әртүрлі бұйымдарды таныстырып шықты.

Жасөспірімдер тепловоз, вагондардың шағын макеттерімен суретке түсіп, ескі бөлшектер туралы көбірек сұрады. Балалардың тарихқа қызығушылығы байқалады. Батыс Қазақстан картасындағы пойыз жолдары, станциялардың жұмысы туралы ақпаратты қызыға тыңдады.

«Теміржолшы болу үшін қайда оқу керек?», «Олар көп жалақы алады ма?», «Машинистер барлық қалаларды аралайды ма?» деген секілді өздері қызыққан сауалдарын қойып, жылжымалы құрамды жүргізген машинист мамандығы туралы көп білгілері келетінін байқатты. Мұражайдағы станция қоңырауын соғып, теміржолшылардың тек пойыз жүргізушісі емес екендігі туралы қызықты ақпараттарға қанықты.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

Кәсібі-нәсібі

БАБА ІЗІН БАСҚАН ШӨБЕРЕ

Компанияның түрлі құрылымдық бөлімшелерінде өз ісіне адал, темір жолды ата-бабасынан бері кәсіп етіп, абыройлы еңбегімен көзге түскен жастар көп. Солардың бірі – Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының өндірістік оқыту шебері Гүлзат Ерімбетова.

Гүлзаттың басты мақтанышы – Қызылорданың тұңғыш теміржолшысы болған Оразмахан Ерімбетов есімді үлкен атасы. Бабасынан басталған теміржолшылық кәсіп қазір ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. Өңірге аты мәлім теміржолшының суреті мен киімдері ІШЧ-40 мекемесінің мұражайында ілулі тұр. Өз атасы Жүніс Ерімбетов станция бастығы болған. Екі



атасы да соғыс ардагерлері. Әкесі Арыстанбек болса, қазір өзі еңбек ететін дистанцияда 40 жыл механик болып жұмыс істеген. Міне, енді Гүлзат пен інісі де осы мекемеде абыройлы қызмет етіп келеді. 21 жасында еңбек жолын электр монтері болып бастаған Гүлзат 2018 жылдан бері басшылық ұсынысымен өндірістік оқыту шебері болып

ПЕРСПЕКТИВА ПЛЮС ПОТЕНЦИАЛ

Станция Аршалы (бывшая Вишневка) Карагандинского региона с каждым годом становится более значимой и привлекательной в плане грузовых перевозок.

– У третьеклассной станции все еще впереди, – считает начальник узла Мухит Жамиев. – На сегодняшний день в штате трудятся 23 человека, среди них дежурные по станции, приемо-сдатчики по грузовым работе и движению. Выполнение плана составляет 100%. Ранее на станции Вишневка грузились шпалы, щебень, хоппердозаторы, которые отправлялись на социально



значимый объект, связанный со строительством железной дороги Жезказган – Бейнеу. При этом подача вагонов осуществлялась своевременно.

Сегодня на узле расположено девять рабочих подъездных путей,

тағайындалды. Өзі теміржолда бакалаврлық және магистрлік білім алып, мұнымен қоса заң саласында да жоғары оқу орнын тәмамдаған.

– Біздің мекеменің қызмет ету аумағы Жосалыдан басталып, Қоскөл станциясына дейін жетеді. Осы аралықта 34 бөлек пункт, яғни станция мен бекеттер бар. Дистанцияда барлығы 368 адам еңбек етсе, соның 340-ын оқытамын. Айына техникалық сабақ өткізуге бәрін бір рет дистанцияға жинаймын. Басқа уақытта көбіне желі бойын аралаймын, сол жерлерде сабақтар өткіземін. Теориялық білімді практика жүзінде көрсетуге тырысамын. Оқу барысында №866 бұйрық бойынша шығарылған өндірістік оқытуды ұйымдастыру стандартына және қосымша ережеге сүйенеміз. Үш техникалық картамыз бар. Қызметкерлерді оқыту олардың дәрежесіне қарай күрделене береді. Монтерлердің 3-разрядына теккарталар арқылы оқытса, жоғарғы 7-разряд бой-

ынша ағыту жұмыстары, қалай рұқсат алу керектігі айтылады. Қазалы дистанциясында заманауи құралдармен оқыту әдістерін пайдаланып, қысқа да нұсқа айтуға тырысамын, – дейді Гүлзат Ерімбетова.

Болашағын осы саламен ғана байланыстыратын Гүлзат – бүгінде екі баланың анасы. Кей-іпкерімізге өзге мекемелерден де жұмысқа шақырып, бірнеше мәрте ұсыныс түсіпті. Бірақ Гүлзаттың ата-бабасының ізі қалған темір жол саласын басқа салаға айырбастағысы жоқ. Тіпті, кезінде ҚазҰУ-дың «мехматына» грантқа түсіп тұрса да, «бүйрегі» практика жүзінде көрсетуге тырысамын. Білімі мен білігі мол жас маман компания басшылары атынан талай рет марапатталған. Жастар форумына қатысып, қашан да белсенділік танытатын Гүлзаттың алар асуы алда екеніне әріптестері бек сенімді.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

В настоящее время у местных жителей жалоб с углем нет. Твердое топливо доставляется со станций Шубаркуль и Дегелен. В пяти километрах восточнее железнодорожной станции Аршалы расположено Вишневское месторождение гранитов. Готовая продукция отгружается потребителям в так называемые хоперы и полувагоны. После чего транспортируется по железнодорожным путям предприятия до станции примыкания Вишневка.

– Станция хоть и небольшая, но перспективная, и впереди у нее большое будущее. Сегодня в поселке Аршалы проживают около семи тысяч человек. В районе есть три школы и поликлиника, – с гордостью резюмируют Мухит Жамиев.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТТЫ

Өлшеулі ғұмырының көп жылын түбек теміржолының түрлі саласына арнаған теміржолшы Құттыбек Шархатбаевқа әріптестері ескерткіш тақта орнатты.

Белгі тақтасы ол кісінің өзі қалыптасуына атсалысып, қазіргідей белді мекемеге айналуына маңдай терін төккен «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС ғимаратының сыртқы қабырғасына орнатылды. Онда Құттыбек ағаның суреті мен өмір сүрген жылдары, еңбегі жазылған. Ескерткіштің ашылу рәсіміне об-



лыс әкімінің орынбасары Нұрдаулет Қылыбай, «Ғасыр Маңғыстау» ЖШС, «Каскор-ТрансСервис» мекемесінің, темір жолдың басшылары мен онымен әріптес болған азаматтар, ардагерлер және отбасы, бауырлары қатысты. Тақтаның ашылу рәсімінен соң ас беріліп, марқұмның рухына дұға бағышталды.

Әкесіне құрмет көрсеткен жұртшылыққа қызы Ақмолшақ Құттыбекқызы отбасы атынан алғыс айтты. «Ғасыр Маңғыстау» ЖШС бастығы өз сөзінде Құттыбек Сүйінгараулының жұмыста адал жан болғанын және осы серіктестіктің қалыптасуына көп еңбек сіңіргенін тілге тиек етті. Құрметті теміржолшы Табылды Әміров, марқұм теміржолшының көпке үлгі болар қырлары туралы сыр шертті.

– Жұмысына жауапты, білікті маман, әділ басшы еді. Өзінің қызметкерлерін қажет кезінде қорғап алып шығатын. Өзіне сенімді болғасын ешкімнен тартынып,

тайсалмайтын. Ойын батыл айтатын. Ешқашан марапат үшін жүгірген емес. Көзі тірісінде есімі ескерілмеді. Мен Шетпеде станцияның, ол ТҚКП бастығы болды. Маңғыстау станциясына да бірге келгенбіз. Мұнда ол жолаушылар тасымалы мекемесінің басшысы жұмысын жалғастырды. 61 жыл өмірінің 44 жылын алып салаға арнаған әріптесім әрі шәкіртім Құттыбектің арамыздан кеткеніне екі жылға жуықтапты. Бес баласының ішінде әке жолын жалғастырып жатқан балалары да, темір жолда несібесін теріп жүрген бауырлары да бар. Сондықтан Құттыбектің есімі ел есінде сақталары сөзсіз, – деді ол.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

Члены жюри объективно оценили теоретические и практические знания железнодорожников и по итогам соревнований первое место присудили команде «Алтын жол».

– Подобные мероприятия помогают нашим работникам в игровой форме расширить свои знания. Мы в свою очередь стараемся создавать все условия для сохранения здоровья, а также повышения культуры профилактики и в вопросах безопасности и охраны труда, – отметил Кайрат Ибраев.

Все участники награждены благодарственными письмами и почетными грамотами от имени руководства станции Алтынколь.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

ТАКАЯ РОДСТВЕННАЯ СВЯЗЬ

Электромеханик радиосвязи Защитинской дистанции сигнализации и связи (ІШЧ-28) Владимир Алпеев – потомок железнодорожников, которые стояли у истоков создания его родного предприятия.



Об основателях своей железнодорожной династии он вспоминает с теплотой, гордостью и уважением. Рассказывает, как прадед на повозке возил на перегоны столбы, где их устанавливали, монтировали воздушные линии связи вдоль железной дороги. Дед, Александр Кудрин, всю жизнь проработал в Защитинской дистанции сигнализации и связи водителем. Бабушка, Клавдия Кудрина, была секретарем в приемной у начальника ІШЧ, потом перешла в отдел кадров. Мама, Галина Алпеева, с 17 лет и до самой пенсии тоже работала на этом предприятии.

– Она и меня перетянула в Защитинскую дистанцию сигнализации и связи, – вспоминает Владимир Алпеев. – Мне тогда было 28 лет. К тому времени я окончил среднее профессиональное техническое училище в Усть-Каменогорске по специальности «газосварщик-мон-

тажник технологического оборудования».

В Защитинскую дистанцию сигнализации и связи его сначала приняли электромонтером радиосвязи. Потом, после учебы в Павлодарском колледже транспорта и коммуникаций, он получил диплом по специальности «электромеханик». Сейчас у Владимира уже 11-й разряд.

– В своей профессии я все понимаю, как что-то быстрее и качественнее отладить, чтобы оно работало. У нас восьмичасовой рабочий день, но, бывает, нас вызывают в ночное, праздничное время, по выходным, если происходят повреждения на линии, – продолжил Владимир Алпеев. – Моя задача – поддерживать в порядке поездную, громкоговорящую, маневровую радиосвязь на станциях.

Он обслуживает устройства радиосвязи по всем направлениям от станции Оскемен-1 к Шеменаихе,

Риддеру, станции Алтай. Но его основной участок – от станции Казиевка до станции Предгорное включительно.

У железнодорожника за хорошую работу, исполнение трудовой дисциплины собралось много благодарственных писем, грамот, есть поздравления от руководителей.

А свободное от работы время он проводит с семьей, детьми. Вместе посещают кинотеатры, устраивают прогулки в парках Оскемена.

Их дом находится в железнодорожном микрорайоне Оскемена Защита, в ста метрах от административного здания ІШЧ-28. С женой Ольгой воспитывают троих детей. Младшему, Степану, четыре с половиной года. Мальчик родился с ограниченными возможностями.

В прошлом году на операцию Степана в Сербию деньги собирали сообща. Помощь оказали в АО «НК «ҚТЖ», ОО «Казпрофтранс», колледжи-железнодорожники. В конце ноября Ольга с мальчиком вновь выезжают в Сербию для прохождения курса физиотерапии. Там врачи определят, нужна ли ребенку еще одна операция. Хочется верить, что мальчик поправится и будет здоровым. Ведь у него такая чудесная и надежная семья!

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Фото Дмитрия Мукавוזова

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Мүздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Басылымның таралымы 11 340 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,	автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73 Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76 Қостанай: Аспан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.
--	--	---	---	---